

## **«ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ**

### **Аннотация**

*Описывается опыт Научного Центра «Отырар кітапханасы», действующего при ЕНУ им.Л.Н. Гумилева по изучению, сбору, хранению и популяризации научного наследия выдающегося учёного, основоположника научного абаеведения, общественного деятеля, писателя, переводчика и педагога Каюма Мухамедханова.*

Өткен жүз жылдықта тағдырдың ауыр жүгін арқалау маңдайына жазылған Алаш азаматтарының қатарында қызығы мен шыжығы бірдей өмір өткелдерін артқа тастап, қазақ үшін, оның әдебиеті мен ғылымы үшін аянбай еңбек еткен өнегелі адам – Қайым Мұхамедханов.

Қайым Мұхамедханов қазіргі Жаңа Семейде (бұрын «Заречная слободка» деп аталған) 1916 жылы 5 қаңтарда дүниеге келген. Әкесі Мұхамедхан мұсылманша-орысша сауатты, өте мәдениетті, сол жылдары қазақ газеттерін үзбей оқитын білімді адам болыпты. Балаларының да білімді болғанын қалап оқуға береді. Бастауыш мектепті бітірген жылы әкесі құдалауға ұшырап, байдың баласы деп оқуын жалғастыруына тиым салады. 1930 жылы Жаңа Семейде жеті жылдық мектеп ашылып, әкесінің досы, ақын Тұрлыхан Қасенұлы директор болып келеді. Тұрлыхан ұстаздың көмегімен мектепке қабылданып, білім алып шығады. «Тұрлыхан аға ұстазым болды. Ол кісі домбырашы, әнші еді. Абай мен Әріп ақынның өлең-жырларын жатқа айтатын. Бесінші класта оқитын маған Тұрлыхан аға қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс берді. Тұрлыхан аға санама саңылау түсірді. Балаң жүрегіме жыр ұялатты. Абай әлемін ашып берді. Абайдың табиғат суреттерін зердемізге құйғаны соншалықты, Тұрлыханның қоңыр даусы әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді», –

---

деп есіне алады[1, 131].

Әкесі алаш азаматтары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұхтар Әуезовтермен жақын араласып, үйінде жиі қонақ қылып, қолынан келген көмегін аямаған. Құғын-сүргін заманы туған жылдары алаш азаматтары айдалып, атылып кетті. Әкесі Мұхамедхан да кеңеске дұшпан мұсылман діншілдері тобының мүшесі деген айыппен 10 жылға сотталып, хабарласу, хат жазу құқығынан айрылып, Сібірге айдалады. Тұтқындалғаннан кейін үш күннен кейін атылғаны 1990 жылы ғана белгілі болған. Қайда жерленгені белгісіз.

1939 жылдан бастап өзінің ұстазы Мұхтар Әуезовтің басшылығымен Абай мұрасына ден қойып, Абайдың ақындық мектебін зерттеуге бар көңілін бөледі. Семейдегі Абайдың мұражайын ашу жұмыстарымен айналысады. 1945 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Гимні жөніндегі байқауға қатысып, жеңімпаз атанады. Ұлы ақын Абайдың алдын көрген шәкірттерінің өмірі мен шығармашылық еңбектері туралы зерттеп қорғаған диссертациясынан кейін ғалым Мұхтар Әуезовтің шәкірті деп қудаланып, жиырма бес жылға сотталды. 1956 жылы ақталып, Семей институтында оқытушылығын жалғастырады [2, 17].

Бұл жылдардағы Мұхтар Әуезовпен қарым-қатынасы – Ұлы Ұстаз бен Шәкірттің небір қиын, ауыр жылдарда да сызат түспеген адал достықтары еді. Мұхтар Әуезов Қайымды Адам, Азамат, Ғалым ретінде жоғары бағалады. Оның айтылған әрбір ой-пікірі, жазылған әрбір еңбегі мұқият сақталып, жете зерттелуі керек деп, оларда Алаш идеясы анық көрініс тапқанын айтады.

«Қайым Мұхамедханов әдебиет тарихы туралы көптеген құнды мақалалар жариялады. Ол еңбектердің екі ерекшелігін айтуға болады. Біріншіден, ол – абайтанушы. Алаш зиялыларының мұрасын зерттеуші. Екіншіден, ол дүрмекке ат қосып, социалистік реализм теориясына енген жоқ. Ол не жазса да, ақиқаттан ауытқымады. Бұқар, Шортанбай, Дулат туралы мақалаларында көп тың мағлұматтар айтты. ХVІІІ ғасырда Абылай хан бастаған ұлт-азаттық күрестің идеологы Бұқар жыраудың өмірбаянын қайтадан жазып, Жыраудың Бұқар қаласының маңында туып, Түркістан атырабында есейгенін дәлелдейді. Дулат туралы толғаса да, Шортанбай туралы жазса да, әрбір дәлелі нақты, архив материалдарына, қазақтың шежіресіне сүйенген.» [3, 16].

“Қайым Мұхамедхановтың еңбектерін жарыққа шығару мемлекеттік бағдарламаға кіруі қажет. Оның мұражайы ашылуы ләзім. Оған бір институттың атын берсе, ескерткіш орнатса құба-

құп,- [4, 17] деген ғалым Рахманқұл Бердібайдың сөзіне қазақ зиялыларының қосылатыны сөзсіз. Қазіргі таңда Алматы қаласында «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры ашылған. Астанада Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында Қайым Мұхамедхановтың қолжазбалар қоры сақталған. Өке мұрасын жинастырып, өздеріндегі бар мұраларды «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығына тапсырған ұл-қыздары Роза мен Дина Қайымқыздары және Жәнібек Қайымұлы.

Ғалымның қолжазба қоры 18 бумаға бөлініп тақырып бойынша реттеліп, тізімделген. Абай туралы мақалар мен зерттеулер тақырыбындағы (№1, №4, №8) бумаларда «Абайдың төңірегіндегі ақындар», «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты зерттеулерінің, Абайдың ақын шәкірттері Көкбай ақын, Уәйіс ақын, Өрхам Ысқақов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұқа Әлімханұлы тағы басқалар туралы мақалалары мен зерттеулерінің, 1951 жылы Қазақстан Ғылым академиясы Жоғарғы атестаттау комиссиясында «Абайдың әдебиет мектебі» тақырыбында қорғалған диссертацияның стенограммасы, Қ. Мұхамедхановтың диссертациясына берілген ғалымдардың пікірі және Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену жөніндегі пікірталас материалдарының түпнұсқасы, көшірмесі тіркелген. 1945-1997 жылдар арасындағы әдебиет тарихы мен текстология мәселесіне арналған көлемді зерттеулерінде Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Қосынұлы Жалайыри, Бұқар жырау, Жанак ақын туралы мақалалары, Махамбет өлеңдерінің басылымдары мен текстологиясы және Дулат, Шөже ақын, әйгілі шешен-ақын Шернияз, Мәшһүр-Жүсіп мұрасы туралы мақалалары сақталған.

Одан кейінгі бумаларда 1967-1997 жылдарда мерзімді басылымдарда жарияланған Мұхтар Әуезов туралы мақалалары, Қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі ірі тұлғалар Ыбырай Алтынсарин, Баймағамбет Ізтөлін, Иса Байзақов, Естай Беркімбаев, Орынбай ақын Бертағұлы, Шашубай Қошқарбаев, Мұқаметжан Сералин, Бейсенбай Кенжебаев туралы мақалалары, «Семей таңы», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Абай» журналында жарияланған Алаш арыстары туралы мақалалары мен зерттеулері, Театр, өнер туралы, орыс тілінде жарияланған мақалалары, Басқа ұлт әдебиеті туралы мақалалары тақырыптар бойынша тізімделді.

Сондай-ақ қолжазбалар ішінде 1945 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Гимнің «Қазақстан правдасы» газетінде шыққан Государственный Гимн Казахской ССР (екі тілде) нұсқасының

---

көшірмесі, «Майданнан майданға», «Комиссар Ғаббасов», «Ер Білісай», «Перне» пьесалары, «Абайдың досы Михаэлис» қолжазбасы, татардың «Шуро» журналының 1912 жылғы түпнұсқасы, өлеңдері, аудармалары, ертегілері бар.

Қайым Мұхамедхановтың жеке құжаттары (өмірбаяны, ғылыми атақтарының куәлігінің көшірмесі, хаттары, суреттері), қолжазбалары ғалымның өмірінен біршама мағлұмат беретін, әрбірінің естелігі бар құнды мұралар.

Осы қолжазбалар негізінде ғылыми орталықтың директоры филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбайдың ұйымдастыруымен қолжазбалар жинақталып, жүйеленіп, түсініктер жазылып, құрастырылып Қ. Мұхамедхановтың «Көп томдық шығармалар жинағы» (10 томдық) жарық көрді.

Биылғы жылы көрнекті ғалым Қайым Мұхамедхановтың туғанын 100 жыл толды. Мерейтойына орай ғалымның Қазақстан ғылымы мен мәдениетіне қосқан үлесін насихаттау мақсатында білім ордалары мен мәдени орындарында іс-шаралар өткізілді.

19-сәуірде Орталық қалалық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Дала даналығын танытқан ғалым» тақырыбында әдеби-танымдық кеш өтті.

Әдеби кешке ғалымның қызы – Phd доктор, «Қайым Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» Қоғамдық қорының директоры Дина Мұхамедханова және қоғамдық қордың қызметкерлері, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім, филология ғылымдарының докторы, профессор Рақымжан Тұрысбек, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының ғылыми қызметкерлері, Әлкей Марғұлан атындағы №40 орта мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Әдеби кеште Қайым Мұхамедхановтың өмірінен профессор Ғарифолла Есім естеліктер айтты, өмірі мен шығармашылығы жөнінде әдебиетші Рақымжан Тұрысбек баяндап берді. №40 орта мектеп оқушылары Қайым Мұхамедхановтың ғылыми мұрасына арналған өлең-жырларын оқыды, дәстүрлі қазақ әндерін орындаушы Ерлан Рысқали Абайдың әндерін орындап, Қайым Мұхамедханов туралы деректі фильм көрсетілді.

Қайым Мұхамедхановтың шығармаларынан «Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған» тақырыбында кітап көрмесі қойылды. Сондай-ақ 20-сәуір күні ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында «Алаш мұрасының көзі» тақырыбында өткен кешіне ғалымның

қызы Дина Мұхамедханова, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім, Әлкей Марғұлан атындағы № 40 орта мектептің директоры, Қайым Мұхамедхановтың шәкірті Ербол Іргебай, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушылары мен магистранттар және «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының ғылыми қызметкерлері қатысты.

Іс-шара барысында Қайым Мұхамедхановтың Қазақстанның ғылымы мен мәдениетіне қосқан елеулі үлесі туралы баяндалды. Дина Мұхамедханова Қайым Мұхамедхановтың 100 жылдық мерейтойына байланысты жарық көрген «Қайым Мұхамедханов: Хаттар сөйлейді. Каюм Мухамедханов: Письмо говорят» атты кітапты кітапхана қорына сыйға тартты. Әлкей Марғұлан атындағы №40 орта мектеп оқушылары Қайым Мұхамедхановтың ғылыми мұрасына арналған өлең-жырларын оқыды.

Қайым Мұхамедхановтың бай шығармашылық мұрасынан «Қайым Мұхамедханов – ұлы тұлға, ғұлама ғалым» тақырыбында кітап көрмесі кеш қатысушыларының назарына ұсынылды.

Көрмеге ғалымның шығармалары мен «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығынан шыққан Қайым Мұхамедхановтың «Көп томдық шығармалар жинағы» (10 том), жеке қорында сақталған қолжазбалары қойылды.

Осы іс-шараларда Қайым Мұхамедхановтың өмір жолы, бай шығармашылық мұрасы, ғылымға, мәдениетке қосқан үлесі, қазіргі таңдағы ғалымның зерттеулерінің өзектілігі айтылды. Жастарды өнегелікке, отансүйгіштікке тәрбиелейтін мағлұматы мол болды.

Қайым Мұхамедхановтың тағдыры тар жол, тайғақ кешуде өтсе де әдебиетімізге мол мұра қосты, еңбектері жас ұрпақты ертеңгі ел қамын ойлайтын өрендерімізді туған халқының игілігін тани білуге, ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің мүддесін биік ұстауға тәрбиелейді.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қайым туралы сөз. – Слово о Каюме. Сб. Воспоминаний. – Астана: Фолиант, 2006. -376 с.
2. «Ел бірлігіндегі ұлт зиялыларының рөлі» атты дөңгелек үстел материалдары 2012 жыл. 19 қараша. – Астана: «Типография Стимул» ЖШС, 2012. – 156 б.
3. Бердібай Р. Алаш рухымен нәрленген. // Жалын. Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. № 2. 2010. Б.- 16.
4. Бердібай Р. Алаш рухымен нәрленген. // Жалын. Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. № 2. 2010. Б.- 17.